# 1998 жылы Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің құрылысы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 10 ақпандағы N 91

"1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 9 желтоқсандағы N 201-13 Z970201_ Заңын және "Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы N 3700 U973700_ жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1998 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабында көзделген 3300 (үш миллиард үш жүз) млн. теңге сомасындағы қаражат мемлекеттік тұрғын үй сатып алуы үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлерін несиелендіруге, сондай-ақ Ақмола қаласында жаңа тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға жұмсалсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1998 жылы 8200 (сегіз миллиард екі жүз) млн. теңге сомасында республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын Ақмола қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің тізбесі;

1998 жылы мемлекеттік сыртқы заемдардың есебінен қаржыландырылатын жобалардың тізбесі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1998 жылы республикалық Жол қорынан қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес жобаларды 5120 (бес миллиард жүз жиырма) млн. теңге, оның ішінде Ақмола қаласының қалалық шаруашылығы объектілеріне 2 (екі) миллиард теңге сомасында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Ақмола арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік кеңесі 1998 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігіне 20 (жиырма) млн. АҚШ доллары сомасында Ақмола қаласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыруға мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Жаңа астананы сәулеттендіруге байланысты Ақмола арнайы экономикалық аймағы Әкімшілік кеңесінің аймақты әлеуметтік және экономикалық дамыту қорының есебінен 4890 (төрт миллиард сегіз жүз тоқсан) млн. теңге сомасында объектілерді қаржыландыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі жекелеген жобалар бойынша бөлінген қаржы қанағаттанғысыз игерілген

жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобалар тізбесіне түзетулер енгізу туралы ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына 1998 жылдың ішінде ол тапсырысшы болатын, Астана қаласын дамытудың бірінші кезектегі объектілерінің тізбесіне кіргізілген, республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілердің арасында қаржыландырудың көлемдерін олардың құрылысты қаржыландыруының жалпы жылдық көлемінің шегінде қайта бөлуге рұқсат етілсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ 2 абзацпен толықтырылды - ҚРҮ-нің 1998.06.08. N 524 қаулысымен. P980524_

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау

комитеті осы қаулыда көзделген қаржының объектілерінің құрылысына тиімді жұмсалуына бақылау орнатсын.

8. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті осы қаулыда көзделген объектілер құрылысының барысы туралы ай сайын ақпарат беріп тұруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 10 ақпандағы
N 91 қаулысымен
бекітілген

1998 жылы республикалық бюджеттің есебінен
қаржыландырылатын Ақмола қаласын дамытудың бірінші
кезектегі объектілерінің

ТІЗБЕСІ

(млн. теңге)

| Рет N | Тапсырысшы | Өлшем бірлігі | Қуаты | Іске қосу мерзімі | 1998 жылғы баға бойынша қаржылан. |
|---|---|---|---|---|---|

| | Объектінің аты, орналасқан жері | | | (жыл) | дыру көлемі |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | | | 8200 |
| | Оның ішінде: | | | | |
| | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы | | | | |
| 1. | Тұрғын үй құрылысы | мың шаршы метр пәтер | 179,0 1372 | 1998 | 3120 |
| 2. | Тың игерушілер сарайын қайта жаңарту | орын | 2500 | " | 510 |
| 3. | Көмекші кешен | | | " | 196 |
| 4. | Әкімшілік кешен | мың шаршы метр | 49,6 | " | 2694 |
| | "Ақмола АЭК" акционерлік қоғамы | | | | |
| 5. | Шағын станция 110/10кВ Астана, Ақмола қаласы | МВА | 2х40 | " | 740 |
| | Ақмола арнайы экономикалық аймағы | | | | |
| 6. | N 1 КНС-ті қайта жобалау және 83 кварталдағы канализациялық екпінді коллектордың құрылысы | км | беріл. ген | " | 50 |
| 7. | 83 кварталдағы | км | беріл. | " | 75 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ...инженерлік жүйелердің құрылысы | | ...ген | | |
| 8. | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының салынып жатқан үйлерінің инженерлік жүйелері | км | Бұл да сол | " | 165 |
| 9. | Этно-мемориалдық парк | га | Бұл да сол | " | 327 |
| 10. | Ақмола қаласының бас жоспары | | | " | 323 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 10 ақпандағы
N 91 қаулысымен
бекітілген

1998 жылы мемлекеттік сыртқы заем есебінен қаржыландырылатын жобалардың

ТІЗБЕСІ

(млн. АҚШ доллары)

| Рет N | Жобаның аты | Донор | Жобаның құны | 1998 жылы қаржыландыру | | Ескертулер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Заем қаражаты | Қоса қаржыландыру | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы: | | | 70,0 | 16,84 | |
| 1 | Аурухана құрылысы, Ақмола қаласы | Сосъете Женераль | 7720 млн. жапон иені | 40,85 | 8,29 | Республикалық бюджет |
| 2 | Алматы-Қарағанды-Ақмола-Бурабай (Гульшад-Ақшатау учаскесі) автомагистралін қайта жаңарту | АДБ | 77 | 22,15 | 8,55 | Республикалық Жол қоры |
| 3 | Ақмола қаласындағы әуежайды қайта жаңарту | OECF | | 201,26 | 7,0 | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 10 ақпандағы
N 91 қаулысымен
бекітілген

1998 жылы республикалық Жол қорынан
қаржыландырылатын жобалардың

ТІЗБЕСІ

(млн. теңге)

| Рет N | Тапсырысшы / Объектінің аты, орналасқан жері | Өлшем бірлігі | Қуаты | Іске қосу мерзімі (жыл) | 1998 жылғы баға бойынша қаржыландыру көлемі (млн.теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | | | 5120 |

Оның ішінде:
Қазақстан Республикасының Көліккоммині

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Ұшу-қону алаңы (1998 жылғы 1 қаңтардағы берешек) | млн.теңге | | | 470 |
| 2. | Әуе-жайдан түйіспе желіге дейінгі автомобиль жолын қайта жаңарту | км | 5 | 1998 | 550 |
| 3. | Айналма түйіспе жол учаскесі (Павлодар-Қарағанды) | км | 14 | 1999 | 1200 |
| 4. | Ақмола қаласының қала магистральдары мен орталық алаңының құрылысы және қайта жаңарту | км | 25 | 1998 | 2000 |
| 5. | "Ақмола-Қызылжар" автомобиль жолы | | | 1998 | 200 |
| 6. | "Алматы-Ақмола" автомагистралін, "Гүлшад-Ақшатау" учаскесін қайта жаңарту (қоса қаржыландыру) | | | 1998 | 700 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК